«Ақмола облысы білім басқармасының Аршалы ауданы бойынша білім бөлімі Жібек Жолы ауылының мектеп-лицейі» КММ

# 2024-2025 оқу жылына арналған әлеуметтік педагогтың жылдық есебі

**Әлеуметтік педагог: Базылканова Жадыра Бауржановна**

2024-2025 ж

## 2024-2025 оқу жылындағы I жарты жылдыққа атқарылған әлеуметтік педагогикалық жұмыстарға сараптама

2024-2025 оқу жылында әлеуметтік педагогтің жұмысы мектептің әлеуметтік осал топтағы оқушыларына әлеуметтік-педагогикалық қолдау көрсете отырып, әлеуметтік теңсіздіктің алдын алу, мектептің әлеуметтік әл-ауқатын арттыруға бағытталған.

Оқу жылының басында әлеуметтік педагогтің жылдық жоспары құрылды. Жылдық жоспарға сәйкес әлеуметтік-педагогикалық жұмыс төмендегі алты бағыт бойынша ұйымдастырылды(1-сурет).:




### I. Сыныптарға, мектепке әлеуметтік паспорттауды жүргізу туралы

2024-2025 оқу жылының 1-тоқсанында атқарылған әлеуметтік-педагогикалық жұмыс оқу-тәрбие жсопарына сай жүргізілді. Оқу жылында оқушылар әлеуметтік санаттары 2-суретте көрсетілген сандық көрсеткіштерге сәйкес болды:




2-сурет. 2024-2025 оқу жылындағы әлеуметтік мәртебеге ие отбасынан шыққан білім алушылардың сандық көрсеткіші (2023-2024 оқу жылымен салыстырмалы талдау)

Әлеуметтік мәртебеге ие отбасынан шыққан оқушылардың орташа өсу динамикасы 2023-2024 оқу жылымен салыстырмалы түрде жасалынды. Мектебіміздегі көпбалалы отбасынан шыққан оқушылардың өсу динамикасының жоғарғы көрсеткіші ықшам ауданымызға жаңадан қоныс аударушылардың көптігіне байланысты.




3-сурет. Әлеуметтік мәртебеге ие отбасынан шыққан оқушылардың орташа өсу динамикасы

Жартылай жетім бала саны-13, толық емес отбасыдан шыққан – 53, толық отбасы саны-469 оқушы 78%, көпбалалы отбасыдан шыққан-265 оқушы, өгей ата-анасымен тұрып жатқан – 15 оқушы, 7ұл/8қыз, азқамтылған отбасыдан шыққан- 32 оқушы, ЕББҚЕО-11 оқушы, 1,8%,сенімхаты бар оқушылар саны-5 оқушы.

**II. Балалық шақтың құқығын қорғау жұмысы.** Оқу жылында балалық шақтың құқығын қорғау бойынша бірнеше бағытта жұмыстар жүргізілді. Мектептің әлеуметтік желілерінде және мектеп сайтында балалардың құқығын қорғау бойынша жаднамалар мен материалдар жарияланды. Мектеп қабырғаларында сенім телефондары мен ақпараттық стендтер ұйымдастырылды.

Білім алушылар мен ата-аналарға бала құқығының бұзылуы фактілері және басқа да мәселелер бойынша әлеуметтік-педагогикалық кеңес берілді.

Білім алушылардың сабаққа бармауының алдын алу мақсатында «Мектепке жол» республикалық акциясы жүзеге асты. Акция аясында әлеуметтік мәртебеге ие отбасынан шыққан білім алушыларға қаржылай және материалдық қолдау көрсетілді(3-сурет).




4-сурет. Әлеуметтік мәртебеге ие отбасынан шыққан білім алушыларға қаржылай және материалдық қолдаудың сандық көрсеткіштері.

Қазақстан Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтарындағы №64 қаулысы және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2015 жылғы 13 сәуірдегі № 198 «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік қызмет көрсету стандарты бойынша Жібек Жолы ауылының мектеп-лицейінде қазіргі таңда **бастауыш сыныпта 301 оқушы, 5-11 сынып аралығында 18 оқушы (14 оқушы көпбалалы отбасыдан, 4 бала азқамтылған отбасыдан).**
**3 оқушы** тегін ыстық тамақпен мектеп асханасын жалға алушы Г.Кабжанова басқаратын ЖК «Надежда» атынан ыстық тамақтпен қамтамасыз етіледі.

Ақмола облысы бойынша халықтың орташа жан басына шаққанда күнкөріс мөлшері – 49 124 теңгеден аспауы қажет. АСП алатын отбасылар бұл қаржылай көмекті алу үшін тізімге бірден енгізілетіні ескерілді




**5-сурет. ЖББҚ ыстық тамақпен қамтылған оқушылардың саны:**

«Әлеуметтік қорғалмаған білім алушылар мен күнкөріс төмен отбасыларынан шыққан білім алушыларға қаржылай жұмсау ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы қаңтарындағы № 64 қаулысына сәйкес көп балалы және аз қамтылған отбасы ата-аналарының балаларын 2024-2025 оқу жылына тегін ыстық тамақпен қамтамасыз ету.

Осы мәселе бойынша, мектеп оқушыларының ыстық тамақпен қамтамасыз етілуі үшін комиссия мүшелеріне 5-11 сынып оқушыларының ыстық тамақпен тамақтану үшін ата-аналарының тапсырған өтініштері мен құжаттары тапсырылды. Құжаттардың ҚРҮ 2008 жылғы № 64 қаулысының талаптарына сәйкетігі бойынша құжаттарды қарау жұмысы жүргізілді. Құжаттардың қаулыға сәкестігі бойынша 9 отбасы, 18 оқушы ыстық тамақпен қамтамасз етілу үшін тізімге ілінді.

| **№** | **Оқушының аиты-жөні:** | **Сыныбы:** | **Әлеуметтік категориясы:** |
|---|---|---|---|
| **1.** | **Шөпбай Алишер Сағатұлы** | **9Ә** | **Көпбалалы отбасы** |
| **2.** | **Нарбайқызы Балауса** | **8А** | **Көпбалалы отбасы** |
| **3.** | **Нарбайұлы Әділет** | **6Ә** | **Көпбалалы отбасы** |
| **4.** | **Мурат Динмухаммед Ербулатулы** | **9Ә** | **Көпбалалы отбасы** |
| **5.** | **Мурат Арман Ербулатулы** | **7** | **Көпбалалы отбасы** |
| **6.** | **Нұрғали Қасымжомарт Бауыржанұлы** | **9Ә** | **Көпбалалы отбасы** |
| **7.** | **Бауыржанұлы Ибрахим** | **6А** | **Көпбалалы отбасы** |

| | | | |
|---|---|---|---|
| **8.** | **Бизат Азима Бекдосқызы** | **5А** | **Көпбалалы отбасы** |
| **9.** | **Амангелды Альтайыр** | **7Ә** | **Азқамтылған отбасы** |
| **10.** | **Амангельды Аружан** | **5А** | **Азқамтылған отбасы** |
| **11.** | Әнуар Бейбіт | 8 А | **Азқамтылған отбасы** |
| **12.** | **Әнуар Мөлдір** | **6Ә** | **Азқамтылған отбасы** |
| **13.** | **Тлеухан Қарақат** | **11А** | **Көпбалалы отбасы** |
| **14.** | **Тлеухан Ақерке** | **9А** | **Көпбалалы отбасы** |
| **15.** | **Тлеухан Әбілқасым** | **6Ә** | **Көпбалалы отбасы** |
| **16** | **Исмалзан Айзере** | **6** | **Көпбалалы отбасы** |
| **17** | **Исмалзан Ахмад** | **8** | **Көпбалалы отбасы** |
| **18** | **Исмалзан Абдуллах** | **5** | **Көпбалалы отбасы** |

Қаулы:

5-11 сынып оқушылары құжаттарының сәйкестігіне байланысты 18 оқушы 02.09.2024 ж. бастап тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілсін.




**«Жалпыға бірдей білім беру қоры»**

Мемлекет тарапынан «Жалпыға бірдей білім беру» қорынан әр жыл сайын аз қамтылған, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, көпбалалы отбасы балаларына тегін көмек көрсетіледі.

2024-2025 оқу жылында мектеп комиссия мүшелерінің нақты есептеуі бойынша жалпы 15 отбасыға тізім жасалынды. 15 отбасының ішінде 32 оқушының тапсырған құжаттары өтті. 24 оқушы көпбалалы отбасыдан, 5 оқушы азқамтылған отбасыдан, 3 оқушы АСП алатын отбасы қатарынан болды. Ақмола облысы бойынша халықтың орташа жан басына шаққанда күнкөріс мөлшері – 47 338 теңгеден аспауы қажет. АСП алатын отбасылар бұл қаржылай көмекті алу үшін тізімге бірден енгізілетіні ескерілді

«Мектепке жол» акциясы жыл сайын өткізіліп отырады, аз қамтылған отбасы балаларына демеушілер тарапынан көмек көрсетіліп отырады.

| № | Ата-анасы: | Әлуеметтік мәртебесі: | Оқушы: | Сумма: | Спонсор: |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Жунусбаева Толганай (анасы) | Көпбалалы отбасы | 1.Какенова Сафия 1-сынып | 15 000 тг | Қамқоршылық кеңесының төрайымы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | Шаймарданова Ж.М. |
| | | | | 25 000 тг | «Береке» құрылыс дүкені Керимбекова Б.У. |
| | | | 2.Какенова Сара 5-сынып | 15 000 тг | Қамқоршылық кеңесының төрайымы Шаймарданова Ж.М. |
| 2 | Жайлыбаева Даригуль әжесі | Анасы қайтыс болған. Толық емес отбасы. | 3. Балтабаева Каусар 6-сынып | 20 000 тг | Қамқоршылық кеңесының төрайымы Шаймарданова Ж.М. |
| 3. | Сапар Бахытжан | Көпбалалы отбасы | 4. Амангелдыұлы Бекзат 8-сынып | 10 000 тг | Қамқоршылық кеңесының төрайымы Шаймарданова Ж.М. |
| | | | 5. Амангелдыұлы Айша 1-сынып | 20 000 тг | |
| | | | 6. Амангелдыұлы Ерлан 8 - сынып | 10 000 тг | |
| 4. | Жумагазина Динара Толеутаевна | Күйеуі қайтыс болған. Жалғызбасты ана | 7. Чедырбаева Айсулу 9-сынып | 10 0000 | Қамқоршылық кеңесының төрайымы Шаймарданова Ж.М. |
| | **Барлығы 4 отбасы. 7 оқушы.** | | | **Жалпы: 125 000 тг.** | |












**Әртүрлі есепте тұрған оқушылармен жеке-профилактикалық жұмыс туралы.**

Әлеуметтік паспорт негізінде жасалған азқамтылған отбасылар мен өгей әке-шешесімен бірге тұрып жатқан оқушылардың үй-тұрмыс жағдайлары тексереліп, ата-аналарына әлеуметтік-педагогикалық кеңес берілді. Әр отбасының әлеуметтік паспорты жасалынды. Бақылауға алында. Көмек қажет ететын отбасыларды арнайы спонсорлық көмек болған жағдайдағы тізімге алынды.

Балалардың есепке алынуының алдын алу мақсатында сынып жетекшілермен бірге «Бала құқығы», «Құқықбұзушылықтың салдары» тақырыптарында түсіндірме жұмыстары жүргізілді




**6-сурет. 2024-2025 жылдың 1-тоқсанында атқыралған жұмыстарға SWOT талдау**

**V. Білім алушылардың ата-аналарымен (отбасыларымен) профилактикалық жұмысы туралы.**

Білім алушылардың ата-аналарымен жұмысты үйлестіруде басымдық әлеуметтік мәртебеге ие отбасынан шыққан оқушыларға берілді.

Өгей әке немесе анасымен тұратын оқушылардың үй-тұрмыс жағдайы және әлеуметтік ерекшеліктері баса назарға алынып, әлеуметтік педагог, ДТІЖО және мектеп психологы оқушыларды өз бақылауында ұстап отыр.

14 ата-анаға түрлі мәселелер (қаржылай көмек алу, оқушыны лагерьмен қамту, бала тәрбиесі, мамандық таңдау, баламен қарым-қатынасы және т.б.) бойынша әлеуметтік-педагогикалық кеңес берілген болатын. Отбасының әлеуметтік-тұрыстық жағдайы тексерілді. Тұрмыстық жағдайын тексеруге ДТІЖО, әлеуметтік педагог және сынып жетекшілері барған.

1-тоқсанда өткізілген мектепішілік жалпы ата-аналар жиналысында әлеуметтік мәселелер бойынша баяндама оқылды, мәселелі сұрақтарына жауап берілді.



**VI. Диагностикалау-талдау қызметі туралы.**

Мектептегі білім алушылардың арасында әлеуметтік мәселелерді зерделеу бойынша диагоностикалық-талдау қызметі жүргізілді. «Мектептегі ыстық тамақ және буфеттік тамақтану» сауалнамасы алынып, нәтижелері шығарылып, қорытындыланды.
2024-2025 оқу жылынның қазан айында 1-11 сынып аралығындағы оқушылардан және олардың ата-аналарынан мектеп асханасындағы тамақ сапасына байланысты сауалнама алынған болатын.

Жалпы мектепте қазан айында бастауыш сыныпта 296 оқушы, 5-11 сынып аралығында 23 оқушы тегін тамақпен қамтамасыз етілген болатын.

Сауалнамада 10 сұрақ қойылған, жалпы 212 жауап келген болатын. 70,2 %-на ата-ана жауап берсе, 29,8% оқушы жауап берген.

**Сауалнама қорытындысы бойынша:**




**1-сұрақ.**




**2-сұрақ.**




**3-сұрақ.**




**4-сұрақ.**




**5-сұрақ.**




**6-сұрақ.**







## 7-сұрақ




## 8-сұрақ




## 9. Мектеп асханасында тамақтану бойынша Сіздің ұсынысыңыз?

**9. Мектеп асханасында тамақтану бойынша Сіздің ұсынысыңыз**

46 ответов

Бәрі жақсы

Мен разымын, балаларым мактайды Кызметкерлерге Мектепке алгысым шексиз

Подавать всю еду порционно каждому ученику. Это школьное учреждение, а не дом. Примите меры.потом то рыгают то животы болят.

Уақыт көп берілсе

Тамақтың бир неше түрі жасалса, сорпа, т. б және ыстық берылсе

Жоқ

Әс мәзірін көбейту,

Больше разного вида еды.

Қара шай берілмесе екен, жай таза су

**9. Мектеп асханасында тамақтану бойынша Сіздің ұсынысыңыз**

46 ответов

5/6 сыныпқа тегін тамақ керек

Букылыне тегын тамак жасау

Балаларға сатып алатын болучки қосса кішкене көбейтсе деймін ассартиметтерді және бастауышка берілетін тамақтада булочки тб қосылса жақсы болар еді.

Тамактануга уакыт жетиспейды

Сатылатын самса , булочкилерінен бесплатно тамақтанатындарғада аптасына екі рет беріп тұрса деген ұсынысым бар

Сәттілік

Сәттілік

Балдар тамақтанып үлгермейді деп ойлаймын кішкене уақыт қосу керек сияқты

Тамақты ыстық қылдырып беру

Сапалы қызмет көрсетілген және пайдалы дәмді тамақтар усынсын

Тамақты ыстықтай, рецептті өзгергіштік керек

Ұнайды

Мектеп асханасында барлығы бірқалыпты, бәрі ойдағыдай. Бізге ұнайды

Тамақ жеуге уақыт қосу керек,тағам түрлерін көбейту керек

Бәрі ұнайт

Норм,күшті□□

Тамак турлеры коп болсыншы

Жақсы

Тамақ порциялары көбірек болса, балалар тоймайды

Фастфуд өнімдерін алып тастау керек

Ұснысым жоқ

Мемлекеттен сәл көбірек ақша бөлініп, тамақ түрлерін көбейтсе екен

Бәрі жаксы

Усынысым жок

Тамактану уакытын сал узартса

Сал уакытты узартса

Өте жақсы тамақтандырады

Мектеп асханасында тамақты ыстықтай берілсе.кейде суып қалған тамақ беріледі.

Ешкандай

Ет жетіс пейді

Пересмотреть цены .Дорого очень

Өте керемет

Ешкандай

Ет жетіс пейді

Пересмотреть цены .Дорого очень

Өте керемет

Пицца,пончик, салаттар (Цезарь,оливье,т.б.) соктар,газирвокалар

Нан сәл көбірек болса.

Порцияны кобейту, каша косу

Тамақтар тым қымбат

Иа

**Қорытындылай келе,** оқушылар мен ата-аналардан алынған сауалнама бойынша асханадағы тағамның сапасы, асханадағы тазалық, тамақтану жоспары қанағаттанарлық деңгейде бағаланды.

**Ұсыныс:** Күн сайын асханадағы санитарлық-гигиеналық талаптардың сақталуын, тамақтың сапасы мен жоспарын бақылауды жалғастыру.

Қазан айында Қазақстан Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтарындағы №64 қаулысы және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2015 жылғы 13 сәуірдегі № 198 «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік қызмет көрсету стандарты бойынша Жібек Жолы ауылының мектеп-лицейінде қазіргі таңда бастауыш сынып сыныпта 308 оқушы, 5-11 сынып аралығындағы оқушылар саны 23 оқушыны құрады.



Жоспар негізінде 2024 жылдың 12 қыркүйек күні мектеп асханасының жұмыстарына сараптама жүргізу мақсатында бракераждық тексеру жұмыстары жүргізілді. Жібек Жолы аулының мектеп-лицейінің асхана жұмыстары бойынша жасақталған бракераждық комиссия тобы мүшелері:

Темиргалиева Д.Р. – ата-ана, комиссия төрайымы;
Каршигина А.Т.__ - тәрбие ісі жөніндегі директор орынбасары, комиссия мүшесі;

Жахаева Е.Б. - мектеп медбикесі, комиссия мүшесі;
Аубакирова А.И.. - ата-ана, комиссия мүшесі;
Токторбаева М.О. - ата-ана, комиссия мүшесі;
Базылканова Ж.Б. - әлеуметтік педагог, хатшы.

**№1 бракераждық тексеріс:**

Тексеру барысында анық болғаны:

1. Асханадағы күнделікті ас мәзірінің болуы: асханада күнделікті ас мәзірі бар.
2. Күнделікті дез раствордың дайындығы: күнделікті ДЕО-Хлор бар.
3. Ас бөлмесі, ыдыстардың тазалығы: Мектеп асханасындағы ыдыстардың, ас бөлмесінің тазалығы жақсы, барлығы санитарлық нормаларға сай деп бағаланды.
4. Балалар үшін әзірленген тағам мәзірге сәйкестігі: . Ас мәзірі бойынша 12-қыркүйекте сәбізден салат , балық сорпасы (уха), сары май, кисель және нан берілді. Астың дәмі, мөлшері, барлығы нормаға сай, жақсы деп бағаланды.
5. Құрамындағы азық-түліктердің мөлшері: Асхана қоймадағы азық-түліктің мөлшері 1 апталық мәзір үшін жеткілікті. Аптасына 1 рет қажетті азық-түлік мөлшері алынады.
6. Азық-түлікті сақтауға арналған тоңазытқыш, ішіндегі заттардың жарамдылығы: тоңазытқышта сақталатын фарш, ет, сары май, сүт өнімдерінің жарамдылық мерзімі нормаға сай.
7. Ауыз су, ыдыстарды жууға арналған су: нормаға сай жабдықталған.
8. Асхана қызметкерлерінің формасы: асхана персоналының қызмет формалары бар
9. Санитарлық нормалардың орындалуы: санитарлық-эпидемиологиялық талаптар орындалу.
10. Техника қауіпсіздігі ережелерінің сақталуы: техника қауіпсіздігі ережелері сақталған.
11. Медициналық кітапшалары: асхана персоналының медициналық кітапшалары тексерілді. Бүкіл персоналдың санитарлық кітапшалары бар.
12. Асханадағы тауарлардың сертификаттары: Асханадағы тауарлардың (ет, фарш, сүт өнімдері) сертификаттары бар.
13. Тыйым салынған заттардың бар немесе жоқтығы: жоқ.
14. Кемшіліктер: Кемшіліктер жоқ. Барлығы жақсы деп бағаланды.

Ескерту: Комиссия мүшлерінен ұсыныс: Тоңазытқыштың ішндегі тегін тамақтанатын оқушыларға берілетін сары май мен сиыр еті бір жерде сақталынып тұр. Себебі бұрынғы тоңазытқыш жөндеуде екен.




**Ұсыныс:** Күн сайын асханадағы санитарлық-гигиеналық талаптардың сақталуын, тамақтың сапасы мен жоспарын бақылауды жалғастыру.

**№2 бракераждық тексеріс:**

2024 жылдың 21 қазан күні мектеп асханасының жұмыстарына сараптама жүргізу мақсатында тексеру жүргізілді. Тексеру барысында анық болғаны:

1. Асханадағы күнделікті ас мәзірінің болуы: асханада күнделікті ас мәзірі бар.
2. Күнделікті дез раствордың дайындығы: күнделікті ДЕО-Хлор бар.

3. Ас бөлмесі, ыдыстардың тазалығы: Мектеп асханасындағы ыдыстардың, ас бөлмесінің тазалығы жақсы, барлығы санитарлық нормаларға сай деп бағаланды.
4. Балалар үшін әзірленген тағам мәзірге сәйкестігі: . Ас мәзірі бойынша 21-қазанда плов, алма, тәтті қара шай, нан берілді. Астың дәмі, мөлшері, барлығы нормаға сай, жақсы деп бағаланды.
5. Құрамындағы азық-түліктердің мөлшері: Асхана қоймадағы азық-түліктің мөлшері 1 апталық мәзір үшін жеткілікті. Аптасына 1 рет қажетті азық-түлік мөлшері алынады.
6. Азық-түлікті сақтауға арналған тоңазытқыш, ішіндегі заттардың жарамдылығы: тоңазытқышта сақталатын фарш, ет, сары май, сүт өнімдерінің жарамдылық мерзімі нормаға сай.
7. Асхана қызметкерлерінің формасы: асхана персоналының қызмет формалары бар.
8. Санитарлық нормалардың орындалуы: санитарлық-эпидемиологиялық талаптар орындалып келе жатыр.
9. Асханадағы тауарлардың сертификаттары: Асханадағы тауарлардың (ет, фарш, сүт өнімдері) сертификаттары бар.
10. Тыйым салынған заттардың бар немесе жоқтығы: жоқ.
11. Кемшіліктер: Кемшіліктер жоқ. Барлығы жақсы деп бағаланды.

Қорытынды: Күн сайын асханадағы санитарлық-гигиеналық талаптардың сақталуын, тамақтың сапасы мен жоспарын бақылауды жалғастыру.




**№3 бракераждық тексеріс:**

2024 жылдың 5 - қараша күні мектеп асханасының жұмыстарына сараптама жүргізу мақсатында тексеру жүргізілді. Тексеру барысында анық болғаны:

1. Күнделікті мәзірдің перспективалық мәзірге сәйкес келуі: Күнделікті мәзірге бақылау жүргізілді. Мәзір нормаға сәйкес.
2. Тамақ өнімдерінің сапасы: 05.11.2024 ж бойынша ас мәзірі бойынша: 1. Жаркое; 2. Салат қияр мен қызанақтан; 3. Кисель; 4. Нан берілді. Дәмі, сапасы барлығы жақсы деп бағаланды.
3. Ас бөлмесі, ыдыстардың тазалығы: Ас бөлмесі санитарлық нормаға сайү Оқушыларға берілетін ыдыс-аяқтың сапасы жақсы.
4. Асхананың жұмыс кестесінің болуы: Оқушылардың асханаға бару уақытына комиссия мүшесі еш қарсылық білдірмеді. Кесте ілініп тұрды.
5. Құрамындағы азық-түліктердің мөлшері: қоймадағы азық-түлік мөлшері жеткілікті. Еш шағым жоқ.
6. Азық-түлікті сақтауға арналған тоңазытқыш, ішіндегі заттардың жарамдылығы: Тоңазытқыштағы азық-түліктің жарамдылығы нормаға сай. Бұзылған, тұрып қалған ас өнімдері, сүт өнімдері, ет өнімдері жоқ.
7. Асхана қызметкерлерінің формасы: асхана персоналының формасы сақталған. Жақсы деп бағалаймыз.
8. Тыйым салынған заттардың бар немесе жоқтығы: тыйым салынған заттар жоқ.

Қорытынды: Күн сайын асханадағы санитарлық-гигиеналық талаптардың сақталуын, тамақтың сапасы мен жоспарын бақылауды жалғастыру.



Қараша айында Қазақстан Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтарындағы №64 қаулысы және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2015 жылғы 13 сәуірдегі № 198 «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік қызмет көрсету стандарты бойынша Жібек Жолы ауылының мектеп-лицейінде қазіргі таңда бастауыш сынып сыныпта 305 оқушы, 5-11 сынып аралығындағы оқушылар саны 23 оқушыны құрады.



**Әлеуметтік педагог Базылканова Ж.Б. және медбике Жахаева Е. 2-желтоқсан күні «ЖИТС-21 ғасыр дерті» тақырыбында 9-11 сынып аралығындағы оқушылармен кездесу өткізді.**
**Мақсаты: ЖИТС (жұқпалы иммундық тапшылық синдромы)** мәселесін түсіндіруге және оған қарсы күрес жолдарын көрсетуге бағытталған.
Мақсаты — оқушыларды ЖИТС туралы ақпаратпен таныстырып, бұл аурудың алдын алу шараларын түсіндіру, сондай-ақ қоғамда қолайлы қарым-қатынас қалыптастыру.
1. Кіріспе (1 слайд)
Тақырып: ЖИТС — Қауіпті аурудың алдын алу
Мақсаты:

- ЖИТС туралы ақпарат беру;
- Бұл аурудың қоғамға тигізетін әсерін түсіндіру;
- ЖИТС-тің алдын алу жолдарын таныстыру.




*ЖИТС қарсы күрес күніне орай акция ұйымдастырылды. Оқушыларға барынша қажетті мәлімметтер мен ақпарттар берілді.*





*9-желтоқсан күні  мектеп асханасында волонтерлік қызмет көрсетілді.*
**<u>Мақсаты:</u>** бұл іс-шара арқылы оқушылардың коғамға қызмет етуге деген жауапкершілігін арттырып, оларды бірлесе жұмыс істеуге және өзара көмек көрсетуге баулиды.

Олар волонтерлік қызмет көрсетіп, асхана жұмысын ұйымдастыруға, тәртіп сақтауға, тамақтану процесін ұйымдастыруға, оқушыларға ас-ауқат таратуда көмек көрсетті.




Желтоқсан айында (ХӘОТ халықтың әлеуметтік осал топтары) жататын оқушылардың тізімі мен ата -аналардың банк счеттары Аудандық Білім Бөліміне тапсырылған болатын.

Желтоқсан айында Қазақстан Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтарындағы №64 қаулысы және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2015 жылғы 13 сәуірдегі № 198 «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік қызмет көрсету стандарты бойынша Жібек Жолы ауылының мектеп-лицейінде қазіргі таңда бастауыш сынып сыныпта 306 оқушы, 5-11 сынып аралығындағы оқушылар саны 23 оқушыны құрады.

5-11 сынып аралығындағы тегін тамақмен қамтамасыз етілген оқушылардың ата-аналары EGOV MOBILE  жүйесі арқылы балаларының кюар кодтарын жүктеді.  Мектеп асханасына бару балалардың кюар кодтары күнделікті БИЗНЕС КОШЕЛЕК жүйесі арқылы активация жасалынып отыр. 23 оқушының ішінде 22 оқушыда активация жасалынды.






Желтоқсан айында жалпыға бірдей білім беру қорынан, мемлекет тарапынан әлеуметтік осал топтағы 1-11 сынып аралығындағы 37 оқушыға 50 000 тг көлемінде ата-аналарының счеттарын түсіріліген болатын. Бұл көмек балаларға қысқы киім-кешек пен оқуқұралдарын алу мақсатында бөлінді.

Бракераждық тексерістің нәтижесінде, асхана тамағының сапасы мен тазалығы тексерілген, жақсы деп бағаланды. Асхана персоналының құжаттары талапқа сай. Барлығы ережеге сәйкес орындалды.




2024-2025 оқу жылынның сәуір айында 1-11 сынып аралығындағы оқушылардың ата-аналарынан мектеп асханасындағы тамақ сапасына байланысты сауалнама алынған болатын.

Жалпы мектепте сәуір айында бастауыш сыныпта 303 оқушы, 5-11 сынып аралығында 23 оқушы тегін тамақпен қамтамасыз етілген болатын.

Сауалнамада 5 сұрақ қойылған, жалпы 166 жауап келген болатын.

**Сауалнама қорытындысы бойынша:**

**1-сұрақ.**

Удовлетворяет ли Вас система организации питания в школе? / Мектеп тағамын ұйымдастыру жүйесі Сізді қанағаттандырады ма?

158 ответов




**2-сұрақ.**

Сіз мектеп ыстық тағамының ұйымдастырылуын ұтымды деп санайсызба? /Считаете ли вы рациональным организацию горячего питания в школе?

161 ответ




**3-сұрақ.**

Нравится ли Вашему ребенку питаться в школьной столовой? /Балаңызға мектеп асханасында тамақтану ұнайды ма?

163 ответа




**5-сұрақ.**

Оцените чистоту школьной столовой/Мектеп асханасының тазалығын қаншалықты бағалайсыз?

162 ответа




**Қорытындылай келе,** ата-аналардан алынған сауалнама бойынша асханадағы тағамның сапасы, асханадағы тазалық, тамақтану жоспары қанағаттанарлық деңгейде бағаланды.

**Ұсыныс:** Күн сайын асханадағы санитарлық-гигиеналық талаптардың сақталуын, тамақтың сапасы мен жоспарын бақылауды жалғастыру.

Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардың саны-11 оқушы. Қажетінші әлеуметтік педагогикалық, психологиялық көмек жүргізілген болатын. Мектеп координаторы ретінде инклюзивті білім беру және үйден оқыту барысында жүргізілген жұмыстардың қорытынды есебі Білім Бөлімінің әдіскері Кайсанова З.Т.-ға жіберілді. Үйден оқытылатын оқушы саны – 2.

Сонымен қатар инклюзивті білім беру жағдайында балаларды оқыту бойынша жалпы орта білім беретін ұстаздардың біліктілігін арттыруларына ат салыстым, оқу орындарымен бөлістім, бағыттау жұмыстары мен кеңес жұмыстары жүргізілді.. Курстарға өтініш берілді.

Курстан өткен педагог саны-22 педагог.

Мектеп бойынша  - 56 педагог.




*Жоғарыда атқарылған жұмыстар мен мектептің әлеуметтік көрсеткіштерін ескере отырып төмендегідей ұсыныстарды ұсынамын:*

1. *Мектепте атқарылатын әлеуметтік –педагогикалық жұмыстардың нәтижелілігін арттыру үшін «мектеп–ата–ана–оқушы» моделі негізінде жұмысты жандандыру;*
2. *Сынып жетекшілерге ата–анамен дұрыс–қарым–қатынас орнату, диалогтың функцияларын дамыту мақсатында ақпараттық тұрғыда қолдау көрсету;*

**Әлеуметтік педагогтар:** **Базылканова Ж.Б.**